

Астана қаласы әкімдігінің «№62 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
«Сенімділік пен нәтижеге бірге қадам басайық» тақырыбында 11 сынып ата-
аналарымен өткізілген мектепшілік жиналысының
ХАТТАМАСЫ

10.10.2025ж.

Қатысқаны: 55

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Бейіндік оқыту ерекшеліктері

/Директордың бейіндік оқыту жұмысы бойынша орынбасары С.А. Алибаева/

2. 2025-2026 оқу жылы: қорытынды аттестация

/Мектеп /Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Т. Амирканова/

**3. «Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және заңсыз іс-
әрекеттердің алдын алу»**

/Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Г. Нарбутина/

ТЫҢДАЛДЫ:

Алғашқы сөзді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Г. Нарбутина сөйледі. Ата-аналарды жиналыстың тақырыбымен, күн тәртібіндегі сұрақтармен таныстырды.

1. Бірінші сұрақ бойынша ата-аналарды Астана медицина университетінің аға оқытушысы факультеттер мен оқу үдерісінің ерекшеліктері туралы ақпаратпен бөлісті. Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алды

Бейіндік оқыту ерекшеліктері туралы директордың бейіндік оқыту жұмысы бойынша директордың орынбасары Алибаева Сандугаш Ақтайевна сөз сөйлесді.

Қазіргі заман – білім мен кәсібилікті талап ететін уақыт. Мектептің басты міндеті – оқушыны өмірге, болашақ мамандыққа саналы түрде даярлау. Осы тұрғыда бейіндік оқыту – әр оқушының қабілеті мен қызығушылығына сай бағыт таңдауына мүмкіндік беретін маңызды кезең.

1. Бейіндік оқыту дегеніміз не?

Бейіндік оқыту – бұл жоғары сыныптарда (10–11-сыныптарда) оқушылардың болашақ кәсіби бағытын ескере отырып, оқу мазмұнын

саралау жүйесі. Яғни, оқушылар өз қызығушылығына қарай бағыт тандайды: гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық, әлеуметтік-экономикалық немесе техникалық бағыт.

Бейіндік оқытудың басты мақсаты

- Әр оқушының жеке қабілетін ашу;
- Болашақ мамандықты саналы түрде тандауына жағдай жасау;
- Кәсіби бағдар беру арқылы еңбек нарығына бейімдеу;
- Оқушылардың пәндік білімін тереңдету және жоғары оқу орнына дайындықты қамтамасыз ету.

Бейіндік оқытудың артықшылықтары

- Оқушылар өз бейіміне сай пәндерді терең меңгереді;
- Уақыт пен күшті тиімді пайдаланады;
- Университетке түсуге нақты бағыт алады;
- Мектеп пен жоғары оқу орны арасындағы сабақтастық нығаяды;
- Мотивация мен оқу үлгерімі жоғарылайды.

4. Мұғалім мен мектептің рөлі

Бейіндік оқытуды ұйымдастыруда мұғалім – бағыт беруші, кеңесші және қолдаушы тұлға. Ол оқушының жеке қабілетін анықтап, кәсіби бағдар беру жұмысына қатысады. Ал мектеп тарапынан элективті курстар, кәсіптік бағдарлау шаралары мен психологиялық кеңестер ұйымдастырылуы тиіс.

Қорыта айтқанда, бейіндік оқыту – оқушының болашақ өмір жолына салынған алғашқы қадам. ІІ-сыныптағы бейіндік бағыттың дұрыс тандалуы оның кәсіби және тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан мектеп, ата-ана және оқушы бірігіп, саналы тандау жасауға ұмтылуы қажет.

Сонымен қатар, ата-аналар қауымын 2024-2025 оқу жылы бойынша түлектердің орналасуы туралы статистикалық ақпарат берді.

2. Екінші сұрақ бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 5 тамыздағы №174 бұйрығы: орта білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін айқындау туралы заңымен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Амирканова Татьяна Турсынбековна таныстырды.

- Мемлекеттік бітіру емтихандары (қорытынды аттестаттау)

ІІ (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары 2026 жылғы 2–15 маусым аралығында өтеді. Бұл — оқушылардың орта білім деңгейіндегі білімі мен құзыреттерін бағалаудың негізгі кезеңі.

- Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) жөніндегі жұмыстар

2025-2026 оқу жылында қолданылатын оқулықтар мен ОӘК сараптамасын пәндік комиссиялар жүргізді.

- 278 оқу басылымы қаралды, олардың көпшілігі – 266 атау – мақұлданып, пайдалануға ұсынылды.

Бұл оқулықтардың сапасына мән беріліп, жаңа білім мазмұнына сәйкестігі бағаланғанын көрсетеді.

Білім беру үдерісіндегі басты басымдықтар

- 2025-2026 оқу жылында мектептерде білім беру сапасын арттыру, тәрбие жұмысын жетілдіру, оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағыттары басшылыққа алынған.
- Жаңартылған оқулықтарды оқушылар мен мұғалімдердің пайдалануы қамтамасыз етіліп, электрондық және баспа нұсқалары қолданысқа енгізілді.
- 10–11 сыныптардың оқу бағдарламасындағы шетел тілі пәні жаңа талаптарға сай құрылып, функционалдық сауаттылыққа басымдық берілген.

Тұжырымдар мен болжамдар

- Мемлекеттік бітіру емтихандары 11-сынып оқушылары үшін басты бағалау кезеңі болмақ, сондықтан оқушылар мен мектептер үшін дайындық деңгейі маңызды болады.
- Оқулықтар мен әдістемелік кешендердің жаңартылуы — оқу мазмұнын жаңғырту мен сапасын арттыруға бағытталған үлкен қадам.
- Мектеп инфрақұрылымының дамуы, жаңа мектептердің салынуы оқыту жағдайларын жақсартуға қолайлы жағдай жасайды.
- 11-сыныптарда бейіндік бағыт пен пән таңдау жүйесі әлеуетті түлектерді сапалы даярлауға ықпал етеді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында қылмыстың дендеп бара жатқанын айтқан директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Г. Нарбутина тиісті мемлекеттік органдардың кәмелет жасына толмағандар арасындағы құқық бұзушылық профилактика бағытындағы жұмыстар жоспар бойынша жүргізіліп отырғанын айта отырып, бүгінде өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елсз қылып отыр. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз. Жыл сайын жаз маусымы басталып, оқушылар демалысқа шыққанда жасөспірімдердің тәртібін қадағалайтын құқық қорғау органдарының жұмысы екі есе көбейеді. Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат

22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған. Оқушылар демалысқа шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтай бермейді. Әсіресе, жасөспірімдердің қолымен жасалған қылмыстар мен құқықбұзушылықтар жаз мезгілінде көп тіркеледі.

«Жол ережесі» (оның ішінде жаяу жүргіншілер жолы, жолда жүру қауіпсіздігі, темір жол бойында жүру ережелері және темір жол қауіпсіздігі). «Жол көлікпен қозғалуды алдын-алу және олардың зардабын анағұрлым төмендету үшін ережені бұлжытпай орындау керек екенін сынып жетекшілер мен ата-аналардың күнделікті жауапкершілікпен қарауға шақырды. Жолда жүргенде тротуармен жүру, бағдаршамның жаяу жүргіншілер өтетін жерінен өту, әсіресе мектеп-гимназияда оқитын Азат шағын ауданы мен т.с.с. аудандардан келетін оқушылардың ата-аналары балаларыңыздың темір жолдан өту кезіндегі қауіпсіздігіне аса назар аударып, өздерінің мектепке келіп-кетуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар А.Г. Нарбутина Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламасымен қысқа таныстыра отырып, қазіргі уақытта экстремизм мен терроризм мемлекеттер мен қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікке ерекше қауіп төндіруде, олар дінді өздерінің саяси мақсаттарында қолданады. «Діни экстремизм» дегенімізде – діни өшпенділікті немесе алауыздықты, ал «терроризм» латын тілінен «қорқыныш үрей» дегенді білдіреді. Сондай-ақ деструктивтік діни ұйымына тартушы жетекшілері өз қатарына тарту үшін олардың өмірлік маңызды мұқтаждықтарына назар аударады. Сол себепті көбіне жастарды өз қатарына тарту көп кездеседі. Оқушыларға қазіргі кездегі салт-дәстүрлердің ара қатынасы, сондай-ақ қазақ қоғамын жайлап бара жатқан түрлі келімсек дүние ағымдар, олармен күресу, сақтану жолдары турасында теолог мамандармен пікірталастар ұйымдастыру жөнінде ұсыныс жасады. Дін мәселесі жөнінде оң пікір қалыптастыру ата-аналар тарапынан көбірек қадағалауды тапсырды. Ел болам десең, бесігінді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, әр-бір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді.

Сонымен қатар, А.Г. Нарбутина ата-аналар қауымын ата-аналардан заңсыз ақша жинауға байланысты 24.09.2025 жылғы №374 «Заңсыз ақша жинауға, сыйлықтар алуға тыйым салу туралы» бұйрықпен таныстырды.

ШЕШІМІ:

1. 11 сыныптардың оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмысының күшейтілуі директордың бейіндік оқыту жұмысы бойынша орынбасары С.А. Алибаеваға жүктелсін;
2. Оқушылардың мемлекеттік аттестацияға дайындалуы ата-аналар тарапынан бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Т. Амиркановаға жүктелсін;
3. Оқушылардың қауіпсіздігі мен заңбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстары жүйелі түрде ата-аналар және мектеп тарапынан жүргізіліп отырсын.
4. Ата-аналардан, жеткізушілерден және басқа да тұлғалардан сыйлықтыр алуға, қызметкерлерге сыйлық беруге қатал түрде тыйым салу, болдырмау бақылауға алынсын.

